

«Теміртау қаласы № 4 жалпы білім беретін мектебі» КММ

Ғылыми жобаның тақырыбы:

«Төрт түліктің бірі –түйе және оның қасиеті»

Жоба авторы:

*Жоба жетекшісі: Курманова А.А.
бастауыш сынып мұғалімі*



Зерттеу жұмысының мақсаты- түйе және оның өнімдерінің пайдасы мен қасиеттерін зерттеу.

Зерттеудің міндеттері:

- Түйе және оның сүті, шұбаты, еті, жүнінің қасиеттерін зерттеу:*
- Түйе шаруашылығымен айналысқан отбасылық ата кәсібімізді зерттеу:*
- Түйе жүнінің емдік қасиеттері туралы халықтық тәжірибені түсіндіру:*

Зерттеу жұмысының нысаны: *түйе малы және оның өнімдері.*

Зерттеу жұмысының ғылыми болжамы:

Егер отбасылық ата кәсіп шаруашылығы атадан балаға мұра ретінде жетіп жатса, онда отбасы құндылықтары жоғары дәріптеліп, кейінгі ұрпақ түйе кәсібінің пайдалылығына көз жеткізер еді.





Түйенің шығу тарихы

Түйе – сүтқоректілер класының көнтабандылар (сірітабанды) отрядына жататын күйіс қайыратын жануар. Түйелер шөлге де, аязға да, төзімді, күшті көлік малы. Ал түйенің терісі өзге жануарларға қарағанда қалың болып келеді. Түйенің ауызында 34 ерекше тісі бар. Мұндай тістер өз кезегінде жантақ секілді инесі бар тікен тектес шөптерді ешқандай қиындықсыз шайнауға септігін тигізеді. Түйенің табаны жұмсақ әрі арнайы қапшықтармен қапталған.

Түйенің дене тұрқы ірі. Оның салмағы 450-550кг, мойны иір және ұзын. Денесінің бір жерінде ұзын шудалы жүндері болады. Құрғақ далалы, шөлейтті және шөлді аймақтарда тіршілік етугебейімделген. Сондықтан халық түйені «шөл дала кемесі» деп атайды. Қолда өсірілетін түйелердің арғы тегі-жабайы түйелер. Түйе бұдан 4-5 мың жыл бұрын қолға үйретілген. Түйені алғаш жүк тасымалдау мақсатында көш көлігі ретінде үйреткен. Ерте замандардағы ел мен елдің арасындағы сауда-саттық түйелі көш керуендері арқылы жүргізілген. Тарихи деректерде Самарқан саудагерлерінің сапарға Жібек жолы арқылы 30 мың түйемен шыққандығы жазылған. Түйенің еті мол, жүні биязы болады. Түйе 30-35 жыл жасайды.

Түйенің пірін - «Ойсылқара» кей жерде «қаусыл - қазы» деп атайды.

Түйенің түрлері

Қазақстанда түйенің екі түрі бар:



Бір өркешті

1). **Бір өркешті түйе** - Қазақстанның кейбір жерлерінде өсіріледі. Ең көп өсірілетін жері — Қарақұм. Қазіргі кезде қолда аруана деп аталатын қолтұқымы өсіріледі. Жабайы түрі жойылып кеткен. Оның жалпы аты - «нар», «мая», «аруана», «үлек». Сыңар өркешті түйе ыстыққа төзімді, бірақ қатты аязға шыдамайды.

2). **Айыр өркешті түйені** «іңген», «бура» дейді. Қазақстанда қос өркешті түйенің Қазақстан түйесі, Монғол түйесі, Астрахан түйесі деп аталатын негізгі үш тұқымы өсіріледі; Ол құрғақ далалы, шөл-шөлейтті жерлердің табиғи жағдайларына жақсы бейімделген. Аңызға ыстыққа, үскірік аязға төзімді келеді.

Айыр өркешті

Түйенің қасиеті

*Көшпелі қазақ шаруасының сүйікті малы – түйе. Түйенің жүні мен терісі – киім, сүті – сусын, еті – ас. Әсіресе, түйе көш көлігі ретінде бағалы. **Түйе жүні** — жабағы, боздақ, шуда деп үшке бөлінеді. Жабағы деп – түйенің ұйысқан, киіздей болған жүнін айтады. Жабағының астынан өсетін үлпілдек жүнді боздақ дейді. Түйенің шуда жүні дегеніміз — мойнындағы, тізесіндегі, екі өркештің үстіндегі салалы қылшық жүні. Сонымен қатар шуда жіптерді шертер сияқты ән-күй аспаптарына ішек жасауға пайдаланған. Шуданың ұзындығы 10 — 30 см аралығында болады. Одан жіп иіріп, алаша, кілем, киім-кешек тоқиды. Ибн Сина түйе Шудасын буын ауырғанда, суық тиген жерлерге басуды ұсынған. Халық медицинасында ол денені жылыту арқылы аздадағы қан айналымын жақсартуға қолданылған. Жылытушы әсері арқылы неврит, невралгия, остеохондроз, артрит, ревматизм ауруларының алдын алған. Шуда аллергия қоздырмайды және электр қуатын өзіне тартпайды. Ыстықта ыстық, суықта суық жібермейді. Сол себепті де түйе Шудасынан ұшқыштарға, теңіз әскерлеріне арнайы киім тігіледі. Халық арасында Шуда киіз үй жабдықтарына (сандыққап, т. б.), киім-кешек (күпі, пима, шекпен, белбеу, т. б.) жасағанда кеңінен пайдаланылған.*



Тізеқап



Қолғап



Белдік



Шұлық

*Түйе жүнінен
дайындалатын
бұйымдар.*



Шұлық




Көрпе



Кеудеше

Түйе сүтінің құрамында кальций, фосфор, темір, күкірт сияқты ағзаға пайдалы микроэлементтер жетіп-артылады, ол – демікпе, сусамыр, өкпе, асқазан, бауыр ауруларына бірден-бір шипа. Қазақ арасында ұлттық сусын ретінде ықылым заманнан үзбей пайдаланылып келе жатқан шұбаттың емдік қасиетін қазір әлем мойындап отыр. Шұбатты көптеген ауруларды, атап айтқанда рак, Альцгеймер дерті, сары ауру, өкпе ауруларына шалдыққандарды емдеуге пайдалануға болатындығы, қан айналу жүйесіндегі қан тамырларының жұмсақтығы мен беріктігін қамтамасыз ететіні, ағзада жүретін зат алмасу процестерін жақсартып, жалпы иммунитетті күшейтедіні анықталған. Қазақ халқының дәстүрлі сусындарының бірі шұбат – шипалы ем, нәрлі сусын. Халық оның қоректік, емдік қасиеттерін алуан түрлі ауруға ем ретінде де пайдаланып келген, сусын адам ағзасында жеңіл қорытылады.





Түйенің еті. Түйені қолға үйреткен кезде, оның адамдар үшін басты өнімі – ет болатын. Кейін оның күш-қуатын көлік ретінде, сүтін азық ретінде, терісін және жүнін қажетіне жаратуды меңгеріп, түйе малының адамға беретін пайдасының ауқымын кеңейтті. Дегенмен ет өнімі түйенің қазіргі заманда да адамға беретін өнімінің бастысы болып келеді.

Соның ішінде түйенің еті жоғары сапалы, сиыр етіне өте жақын азық түрі. Оның құрамында су 73-76 пайыз, белок 17-20 пайыз, май 2-6 пайыз, минералдық қалдық күлдері 0,7-1 пайыз. Майының еру-қату температурасы, йод саны, басқа да көрсеткіштері сиырдікіне жақын. Түйе ет малы ретінде тез жетіледі. Ботасының өзі туған жылы бір жасына дейін 5,5-6 есе өсіп, екі жасында союға жарайтын мал болады. Сол кезде сойғанда 170-200 кг таза ет береді, ал үш жасында сойғанда еті 200-250 кг болады және мұның сыртында 15-30 кг өркеш майы болады.

Зерттеу бөлімі

Қазақ халқының дәстүрлі сусындарының бірі - шұбат



Түйе жүні таптырмайтын шикізат



Сауалнама

1. Түйе қай топқа жатады?

А) Сүтқоректілерге Б) Етқоректілерге С) Жыртқыштарға

2. Қазақстанда түйенің неше түрі кездеседі?

А) 3 Б) 2 С) 4

3. Түйе неше жыл өмір сүреді?


А) 33 жас Б) 35 жас С) 32 жас

4. Түйе өнімдерін ата

А) ет, сүт, жүн Б) терісі, қиы С) табаны, терісі

5. Түйе өнімдері қандай ауруларға ем?

А) неврит, невралгия, остеохондроз, артрит, ревматизм, сары ауру, өкпе ауруларына Б) тұмау, қант диабеті С) рак, аллергия





Қорыта айтсақ, төрт түліктің төресі саналатын түйе – бар жақсысын бойға жизған жануар. Оның жүні жылы киім, шудасы – шипа, сүті – дәрумен, еті – қорек. Маң басқан маңғаз жануардың біз білетін қырларын барынша баяндадық. Ашылмаған сырлары да жетерлік. Шұбаттың - адам денсаулығына қажетті құндылық екеніне көз жеткіздім. Бұл сусынның емдік , тұрмыстық пайдасы бар екеніне өз отбасым да, құрбыларымда осыған көз жеткіздім.

Менің ойымша, шұбат Отанымыздың ұлттық бренді мәртебесіне лайықты. Себебі қазіргі кезде адамдар кока-кола, спрайт, пепси-кола сусындарын пайдаланғанша неге шұбатты, сыраханалардың орнына неге шұбатханалар ашылмасқа. Шұбатты экспортқа шығарып, қазақтың брендіне айналдыру үшін тер төксек табиғи шұбаттың таблетка түрі, құрғақ түйе сүті, иогурт, балқаймақ және шалап секілді жаңа әдістерімен алынған өнімдер әлем нарығына шықса, теңдесі жоқ ұтымды тауар белгісіне айналар еді. Егер бұл іс жүзеге асса, әлемдік нарықта шұбаттан мұнайдан түсетін кірістен кем емес пайда табуға болады.



**Назарларыңызға
рахмет!**

